САЯТ

Қарауылтөбедегі қансонар

Жақында Абай ауданының Қарауыл ауылында ой алыбы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Қансонарда бүркітші шығады аңға» атты республикалық бүркітшілер сайысы өтті.



Суретті түсірген Тілеубек ШАЯХМЕТ

Азамат ҚАСЫМ,
«Egemen Qazaqstan»

Шыңғыстау баурайын екі күн бойы дүбірге бөлеген қырандар бәсекесіне еліміздің 13 облысы мен екі қаласынан 50-ден астам құсбегі келді. Нұр-Сұлтан шаһарынан қолына қаршығасын қондырып әкелген 11 жастағы Ерасыл Серікбекұлы осы турнирдегі ең жас құсбегі ретінде ел назарын өзіне аударды. Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған Абай ауданының әкімі Жарқынбек Байсабыров: «Абай тойын ұлттық өнеріміз – бүркітшілер сайысымен бастауымыз бекер емес. Кезінде ақынның өзі де қолына қыран қондырған. Шәкәрім, Шәкір аталарымыз да бүркіт баптаған, қаршыға ұстаған. Бұл келешек ұрпаққа, жастарымызға үлкен үлгі-өнеге деп есептейміз» дей келе, ақын мерейтойына орай облыста 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылатынын, соның 118-і данышпан туған топырақта өтетінін айтты. Дүбірлі доданың алғашқы күнінде Қарауылтөбеге жиналған жұртшылық қолға қондыру, еркін ұшыру, шырға салу секілді сайыс түрлерін тамашалады. Қызықтың бәрі екінші күні болды. Әуелі көпшілік ителгі мен қаршығалардың қоян мен кептерге және бүркіттердің қарсақ пен түлкіге түскен қызықты сәттерін тікесінен тік тұрып көрді. Ендігі кезек – аспан серісі қыран мен түз тағысы қасқыр айқасы. «Біраз бүркітшілер «қасқыр құсымды шайнап тастайды» деп тартынып отыр. Не болса да, біз елдің қызығы үшін бүркітімізді қасқырға саламыз. Өлсе – өлгенін, жеңсе – жеңгенін көреміз» деген белгілі атбегі, бүркітші Тәттімбет Кәпұлы. Айтса, айтқандай, финалдағы айқасқа үржарлық қос бүркітші Тәттімбет Кәпұлы мен Нұғым Қайдардың қырандары жіберілді. Содан не керек, Нұғым ақсақалдың бүркіті қасқырдан еш қаймықпай, көк бөріні астына басып, көрерменнің қошеметіне бөленді. Сайыс қорытындысында Алматы облысынан келген Ермұхан Байетбайдың бүркіті мен тараздық Бақдәулет Бабажанның ителгісі I орынды иеленді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді облыс әкімінің орынбасары Әлішер Мархабат құттықтап, бағалы сыйлықтар табыс етті.

Шығыс Қазақстан облысы,
Абай ауданы,
Қарауыл ауылы

КҮРЕС

Азия чемпионаты басталады

18-23 ақпан аралығында Үндістанның астанасы – Нью-Делиде күрес түрлерінен Азия чемпионатының жалауы желбірейді.

Еліміздің әйелдер және грек-рим күресі шеберлері осы жарыста қандай құрамда өнер көрсететіні жайында біз бұған дейін хабарлағанбыз. Көп кешікпей еркін күрестен Қазақстан ұлттық құрама командасының бас бапкері Әсет Серікбаев өз таңдауын жасады. Үнді елінде күш сынасатындар қатарында былтыр Нұр-Сұлтандағы Әлем чемпионатында жеңіс тұғырына көтерілген үш балуанымыздың екеуі бар. Олар – Нұрислам Санаев (57 кило) пен Дәулет Ниязбеков (65 кило). Тек 70 кило салмақта күміс медальды мойнына ілген Нұрқожа Қайпановты осы жарыста Мейіржан Әшіров алмастырған екен.

Сонымен қатар Нью-Делиде Нұрболат Әбдуәлиев (61 кило), Данияр Қайсанов (74 кило), Ғалымжан Өсербаев (79 кило), Азамат Дәулетбеков (86 кило), Илизхан Чилаев (92 кило), Әлішер Ерғали (97 кило) және Юсуп Батырмурзаев (125 кило) белдеседі.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Мерейтойлық маркалар шығарылды

Қазақстанның Швейцариядағы елшілігі қазақтың ұлы ақыны Абайдың 175 жылдығына және түркі философы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған мерейтойлық пошта маркаларын шығару туралы бастама көтерген еді.

Елшілік шығарылған пошта маркаларын күнделікті іскерлік хат алмасуда қолданады және естелік маркаларды өзі орналасқан елде тарату жөнінде келіссөздер жүргізуде.

Швейцарияда бірнеше рет халықаралық филателиялық көрмелер өтсе, бұл мемлекеттің поштасы мен пошта маркалары – елдің басты брендтерінің бірі. SwissPost маркалары коллекционерлер мен туристер арасында өте танымал. Ал бұл компанияның хат айналымы жылына 2 млрд-қа дейін жетеді.

Швейцарияда заманауи цифрлы технологиялар мен электронды қызметтердің жоғары дамуына қарамастан, пошта ең танымал байланыс ресурстарының бірі болып қалып отыр. Мұның тек елдің азаматтары мен тұрғындарына ғана емес, сонымен қатар компаниялар, халықаралық ұйымдар, федералды, кантондық және муниципалды органдарға да қатысы бар.

«Егемен-ақпарат»

Биыл халық санағы жүргізіледі

Биыл елімізде Ұлттық халық санағы жүргізіледі. Техникалық жағдайларға байланысты бір жыл кешігіп атқарылғалы отырған ауқымды іс-шара 2009 жылғы кемшіліктерді қайталамайды. Сондай-ақ санақты қағазсыз жүргізу қарастырылған. Бұл туралы кеше Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы Нұрболат Айдапкелов айтты.

Майгүл СҰЛТАН,
«Egemen Qazaqstan»

Комитет төрағасының айтуынша, халық санағы шартты екі кезеңнен тұрады. 1-30 маусым аралығында өтетін дайындық кезеңінде интервьюерлер тұрғын үйлер мен тұрғын емес үй-жайлардың, құрылыстардың, сондай-ақ ондағы тұратын тұрғындардың нақты санын анықтау мақсатында әрбір елді мекенді аралап шығады. Яғни, бұл кезде санақтық аудандастыруға дайындық жүргізіледі. Ал санақтық аудандастыру дегеніміз – өңірдегі әрбір елді мекеннің аумағын санақтан өткізу үшін нұсқаушылық және есептік учаскелерге бөлу.

Санақтың негізгі кезеңі қазан айының 1-і мен 30-ы аралығына жоспарланған. Алғашқы 15 күнде интернет-сауалдама жүргізіледі. «2009 жылы Ұлттық халық санағы кезінде болған қателіктерді ескердік. Биылғы санақ барлық талаптарға сай өтеді. Бірінші ерекшелік, қағазбен жұмыс істеу болмайды. Сауалдама жауаптары планшетке енгізіледі. Екінші ерекшелік, интервьюерлерді үйіне кіргізуді қаламайтын адам sanaq.gov.kz арнайы сайтына кіріп, санақ парақтарын өз бетімен толтыра алады. Бұл өте ыңғайлы. Біз интервьюерлердің қауіпсіздігі үшін облыстық әкімдіктермен жұмыс істеп жатырмыз. Кейбір аудандарды интервьюерлер учаскелік полициялармен бірге аралайды», деді Нұрболат Айдапкелов.

Халыққа сауалдама жүргізу барысында респондентті сәйкестендіру үшін адамның ЖСН-і пайдаланылады. Сауалдама аяқталғанда халық санағынан өткені туралы анықтама беріледі.

Нұрболат Айдапкелов тікелей халық санағын өткізу кезеңінде уақытша санақ персоналы ретінде (нұсқаушы-бақылаушылар, интервьюерлер) 32,5 мың адам жұмысқа тартылатынын жеткізді. «Санақ жүргізетін азаматтарға қойылатын талаптар: бастамашыл, жауапты, тез тіл табысқыш 18 жастан асқан Қазақстан азаматы болуы керек. Жұмыс өтілі мен кәсіби біліміне талаптар қойылмайды, тек планшетпен жұмыс істей білуі керек. 30 күнге қызмет көрсетілген кезде дайындық кезеңінің интервьюеріне 75 743 теңге, негізгі кезең интервьюерлеріне 94 678 теңге төлеу жоспарланған. Ал 45 күн қызмет еткен дайындық және негізгі кезеңдердің нұсқаушы-бақылаушысына 113 614 теңге ақы төленбек», деді ол.

Комитет төрағасының айтуынша, 2018 жылдан бастап 2022 жыл аралығында Қазақстанда Ұлттық халық санағына дайындық және өткізу үшін бюджеттен 8 млрд 211 млн теңге қаржы қарастырылған. «Бюджеттің негізгі бөлігі – 3 млрд 7 млн теңге интервьюерлердің еңбегіне төленеді. Онлайн ресурс пен ақпараттық жүйеге де қаржы кетті. Одан кейін әрбір облыс орталықтарында санақ жүргізу бөлімдерін аштық. Аудан, ауылдарда санақ жүргізу үшін көлік жалдайтын боламыз. Шамамен 1 млрд теңгеге планшеттер, сумкалар, шарфтар сатып алдық. Бұл туралы мәліметтер сайтта ашық көрсетілген», деген Н.Айдапкелов тұрғын үйлерге барған кезде интервьюерлерде халық санағының логотипі бар куәлік, сөмке, шарфтың болуы міндетті екенін ескертті.

АУЫР АТЛЕТИКА

Ташкенттен табысты оралды

Өзбекстанның бас шаһары – Ташкентте ауыр атлетикадан өткен лицензиялық турнирде Қазақстанның ұлттық құрамасы үш жүлдеге қол жеткізді.

Жарыс жолына шыққан Игорь Сон (61 кило) мен Илья Ильин (102 кило) қарсылас шақ келтірмей алтын тұғырға көтерілсе, Ибрагим Берсанов (109 кило) күміс медальды мойнына ілді. Жерлестеріміздің арасынан Раушан Мешітханованың (87 кило) ғана жолы болмады. Ол бесінші сатыға жайғасты.

Иә, бір қарағанда табысымыз толағай. Себебі лицензиялық турнирге аттанған төрт зілтемішіміздің үшеуі елге олжалы оралды. Ташкент төрінде Әнұранымыз екі мәрте шырқалды. Бірақ жалпы алғанда, біздің спортшылардың жекелеген жаттығулар мен қоссайыстағы нәтижелері көңіл көншітпейді. Мәселен, Игорь Сон 286 (130+156) кило салмақты еңсерді. Былтыр Паттаяда Әлем чемпионы атанған Фабин Ли 318 (145+173) килолық зілтемірді көтерген. Сол жарыста Сон сегізінші орынға тұрақтаған болар еді. Илья Ильиннің көрсеткіші – 355 (160+195) кило. Сыр бойының саңлағы дәп осы нәтижемен дүниежүзілік додада 15-орынды қанағат тұтпақ-тын. Ал Ильиннің салмағында бас жүлдені олжалаған Беларусьтің беткеұстары Евгений Тихонцов Паттаяда 398 (180 + 218) килоны аспанға атты. Айырмашылығы жер мен көктей.

ТЕННИС

Нева жағалауындағы жарыс

Бұл күндері Ресейдің Санкт-Петербург қаласында жүлде қоры 848 000 АҚШ долларын құрайтын «WTA Premier» деп аталатын турнир өтуде.

Бұл жарыста Қазақстанның бірінші ракеткасы Елена Рыбакина табысты өнер көрсетуде. Тұсаукесер кездесуінде чехиялық Катерина Синякованы (59-ракетка) сан соқтырған жерлесіміз келесі кезеңде франциялық Фиона Ферродан (58-ракетка) айласын асырды. Бір ғажабы, Францияның өкіліне қарсы бәсекенің алғашқы сетінде Елена 1:3 және екінші сетте 0:3 есептерімен жеңіліп жатты. Десек те шешуші тұста ширақ қимылдаған ол жеңісті қарсыласының уысынан жұлып әкетті. Жоғарыдағы екі кездесуде де 6:3, 6:4 есептері тіркелді. Турнирдің ширек финалына шыққан Рыбакина осы межеде тағы бір француз ойыншысы Осеан Доденмен (159-ракетка) шеберлік байқасады.

Нева жағалауындағы жарыста Юлия Путинцева (34-ракетка) да бақ сынады. Алайда ол алғашқы айналымда ресейлік Вероника Кудерметовадан (38-ракетка) ұтылып қалды.

Дайындаған
Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

ТОСЫН ТАБИҒАТ

Ақпанда сары шаян шаққан ба?

Биыл Маңғыстауда қыс жылы болды. Бұл, әрине, шаруа баққандар үшін қолайлы болуы мүмкін, бірақ әр мезгілдің өз мінезіне сай болғаны жақсы-ау! Әйтпесе, шіліңгір шілдеңің сәні құрт-құмырсқа, бақа-шаян сынды жыбырлаған жәндіктердің қақаған қыс айы саналатын қантар-ақпанда да асыр салып жүруі жақсы да, жарасымды да емес.

Гүлайым ДӘУІТБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Улы жәндіктердің уыты жаз мезгілінің соңына таман, яғни қырық күн шілде бітерде қайтып, күн әбден суыққан соң олардан шағып алады деген қауіп болмауы керек еді. Алайда «Естімеген елде көп» дегендей, биыл Маңғыстауда қыс ортасында сары шаян шағып алу оқиғасы бір емес бірнеше рет орын алды.

Маңғыстау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының дерегі бойынша, алдымен бір түнде жеті әйелді сарышаян шағып алған. Ең бірінші жедел жәрдем қызметіне жүкті әйел хабарласқан. Ол Бейнеу ауданының тұрғыны екен. Жүктілікке қауіп төнуі мүмкін болғандықтан ол орталық аудандық ауруханаға жеткізілді. Көп ұзамай Бейнеу ауданының тағы бір тұрғыны медициналық көмекке жүгінсе, үшінші оқиға аталған ауданға қарасты Боранқұл ауылында 1985 жылы туған қыздың басында болды. Шаян шаққан төртінші жағдай Қарақия ауданы Құрық ауылында тіркелді. Соңғы үш оқиға Жаңаөзен қаласында тіркеліп, бұл жерде де әйелдер зардап шекті.

Алдымен әйелдерге шабуыл жасаған шаяндар артынша тағы да үш тұрғынға уын дарытты. Яғни, Маңғыстау облыстық «Жедел жәрдем» және «Жедел медициналық жәрдем» қызметіне сары шаян шақты деген үш шағым бұл жолы да Бейнеу ауданының тұрғындарынан түсіпті. Олар – 16 және 17 жастағы қыздар, сондай-ақ 62 жастағы ер адам.

– Барлық адамға алғашқы медициналық көмек көрсетілді. Ауруханаға жатқызудың қажеті болған жоқ. Одан әрі оларға тұрғылықты жері бойынша дәрігерден кеңес алу ұсынылды, – дейді мамандар.

Сонымен, Маңғыстауда екі күнде шаян шағуынан он адам зардап шекті. Сары шаяндар негізінен түнгі уақытта, әсіресе таңға қарай шабуыл жасайды екен.

Маңғыстауда қаһарына қыс емес, шаяндар мініп тұр. Жаһандық жылынудың әсері ме, әйтеуір қыста шаян шағуды ешкім жақсылыққа жорып отырған жоқ. Қыстан қымсынбаған шаяндар жазда әбден күшіне мініп, уыты күшейген шақта қайтпек деген қорқыныш бар.

Маңғыстау облысы

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Басқарма төрағасының орынбасары – бас редактор
Айбын ШАҒАЛАҚ

Басқарма төрағасының орынбасары
Ерболат ҚАМЕН

Бас редактордың орынбасарлары
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ
Думан АНАШ
Талғат БАТЫРХАН

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Саясат және құқық бөлімі
Жолдыбай БАЗАР

Экономика бөлімі
Арнұр АСҚАР

Әлеумет және білім бөлімі
Оралхан ДӘУІТ

Мәдениет және руханият бөлімі
Мирас АСАН

Әдебиет және өнер бөлімі
Ерлан ЖҮНІС

Интернет-редакция бөлімі
Бекен ҚОНЫС

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан – astana@egemen.kz
Ақтау – mangystau@egemen.kz
Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz
Талдықорған – 7su@egemen.kz
Атырау – atyrau@egemen.kz
Көкшетау – kokshe@egemen.kz
Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
Қостанай – qostanai@egemen.kz
Орал – bqo@egemen.kz
Өскемен – shygys@egemen.kz
Павлодар – pavlodar@egemen.kz
Тараз – taraz@egemen.kz
Шымкент – oqo@egemen.kz
Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 Нұр-Сұлтан, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Нұр-Сұлтан: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Нұр-Сұлтанда – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 6 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті есепке қою туралы
№01-Г куәлікті 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі.
Талаптар талаптарына сәйкес сертификатталған.

© Материалдың жариялану ақысы төленген.
Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**
ТАРАЛЫМЫ 185 720 дана

ISSN 1999-9720
9 771999 972005

Нөмірдің кезекші редакторы
Маржан ӘБІШ